

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕ ШОЛУ

ҚОРЛАР

DeGolyer&MacNaughton халықаралық тәуелсіз консалтингтік компаниясының PRMS халықаралық стандарттарына сәйкес дайындалған аудитіне сәйкес ҚМГ-нің 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша дәлелденген және ықтимал көмірсутек қорлары (2P) м.б. 635 млн тоннаны (м.б. 4 894 млн барр) құрады. 2019 жылмен салыстырғанда қорлардың 2P деңгейі 6,1%-ке азайды. Көрсеткіштердің төмендеуі негізінен технологиялық себептерге (ескі кен орындарында өндіру нәтижесінде табиғи құлдырауы), сондай-ақ макроэкономикалық себептерге (мұнай бағасының төмендеуі және айырбастау бағамының құбылмалылығы) байланысты.

Дәлелденген қорлардың еселігі (1P) 16 жылды құрайды, бұл әлемдегі ең ірі халықаралық мұнай компаниялары арасындағы орташа көрсеткіштен едәуір жоғары – шамамен 11 жыл.

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша PRMS бойынша таза қорлар

Қорлар санаты	Көмірсутектер, м.б. млн барр.		Көмірсутектер, м.б. млн барр.	
	2019	2020	2019	2020
Дәлелденген (1P)	3 860	3 550	499	459
Дәлелденген плюс ықтимал (2P)	5 220	4 894	676	635
Дәлелденген плюс ықтимал плюс болуы мүмкін (3P)	6 089	5 832	790	757

¹ Нетто қорлар басқа тараптарға тиесілі барлық үлестер шегерілгеннен кейін (1) ҚМГ қатысу үлесіне, сондай-ақ (2) ҚМГ-ге тиесілі емес, бірақ ҚМГ бақылайтын үлестерге жататын барлық қорлардың бөлігі ретінде айқындалады.

ГЕОЛОГИЯЛЫҚ-БАРЛАУ

ҚМГ геологиялық-барлау және қорлардың өсімін қамтамасыз ету бойынша бұрын әзірленген стратегияны ұстанады

Органикалық және бейорганикалық өсу есебінен қорларды толықтыру

- ◆ Қолданыстағы келісімшарттық учаскелерде геологиялық-барлауды жүргізу
- ◆ Өндіруші активтерге жете барлауды жүргізу
- ◆ Перспективалық жобаларды бағалау және сатып алу

Геологиялық-барлау жобаларын бірлесіп іске асыру үшін стратегиялық әріптестерді тарту

- ◆ Шетелдік инвестицияларды тарту
- ◆ Білім және технологиялар трансфері
- ◆ Тәуекелдерді оңтайландыру

Жүргізілетін геологиялық-барлау жұмыстарының тиімділігін арттыру

- ◆ Ағымдағы технологияларды жетілдіру және жаңа технологияларды енгізу
- ◆ Процестерді цифрландыру
- ◆ Барлау процестерін жобалық басқару жүйесін енгізу

2020 жылы геологиялық-барлау жұмыстарына жұмсалатын шығындар 18 млрд теңгені (үлестерді есепке алмағанда) құрады, бұл 2019 жылғы шығындардан 29 млрд теңгеге төмен. Бұл ретте бөлінген қаражат өндірудің ағымдағы деңгейін ұстап тұру және орта мерзімді перспективада қорлардың орнын толтыру үшін жеткілікті болып табылады. Шығындардың азаюы негізінен COVID-19 пандемиясынан туындаған дағдарысқа қарсы шаралар шеңберіндегі күрделі салымдарды оңтайландырумен байланысты.

2020 жылы көмірсутек шикізаты қорларының өсімі негізінен "Ембімұнайгаз" АҚ, "Өзенмұнайгаз" АҚ, "Қазақтүрікмұнай" ЖШС мен басқаларының кен орындарын жете барлау және қайта бағалау есебінен 16 млн тоннаны құрады.

Геологиялық-барлаудың қолданыстағы жобалары бойынша 2020 жылдың маңызды